

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің

Басқарма төрағасы-Ректор

Л.Ч. Карабасова

«01» ____07____2025 ж.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ
ЖӘНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ (ЕМТИХАН СЕССИЯСЫ)
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтобе, 2025 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры С.К.Бишекен

Тіркеу офисінің басшысы Г.Т.Жусупова

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде («01» __07__ 2025 ж., хаттама № 12)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректорымен

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

8-НҰСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы Ереже білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

Осы Ереже университеттің білім алушылары, профессор-оқытушылары мен жауапты құрылымдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы.

2.2 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы.

2.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.4 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.5 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі (Ғылыми кеңестің шешімі, 12.08.2020 ж. №13 хаттама).

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде мынадай анықтамалар мен терминдер пайдаланылады:

- оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;
- академиялық адалдық – жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық) орындау, емтихан жауаптары, зерттеулер, өз ұстанымын білдіру, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен өзара қарым-қатынас жасау, сондай-ақ бағалау кезінде білім алушының оқудағы адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидаттар жиынтығы;
- академиялық кезең (Term) (терм) – семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;
- академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;
- академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – оқу жылы бойына демалыс күндері (каникулдар мен мерекелерді), оқу және аралық аттестаттау, кәсіби практикаларды өткізу мерзімдері көрсетілген күнтізбе;
- білім алушылардың оқудағы жетістігі – білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;
- білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (рейтинг) – аралық

аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модульдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

- білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау – академиялық кезеңде сабақ, ОСӨЖ кестелеріне сәйкес оқытушының оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша білім алушылардың білімін, іскерлік дағдыларын жүйелі түрде тексеруі;
- білім алушыларды аралық аттестаттау – оқуды аяқтағаннан кейін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері (білімін, іскерлік дағдылары мен құзыреттіліктерінің) деңгейін бағалау процесі;
- білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖ) – оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, өз бетінше оқуға бөлінген тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс; білім алушылардың санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмысына (бұдан әрі – СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысына (бұдан әрі – МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмысына (бұдан әрі – ДӨЖ) бөлінеді;
- жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер мен (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;
- оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балдардағы оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;
- рейтинг бойынша жіберу – оқу жұмысының түрлері бойынша қорытынды бақылауды тапсыруға мүмкіндік беретін аралық бақылаулар нәтижесінің ең төменгі орташа балл көрсеткіші;
- оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – БОӨЖ) – оқытушының бос уақытына қарай жасалған факультет деканымен бекітілген арнайы кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы; білім алушылардың санатына қарай ол мыналарға бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ), оқытушының жетекшілігімен магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ);
- транскрипт (transcript) – кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндер мен (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін, білім алушының үлгерімінің орташа балын (GPA) қамтитын құжат;
- үлгерімнің орташа балы (Grade point Average – GPA) – таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшеммен бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының сандық

баламасына кредиттер сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы).

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

4.1 Бір оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

4.2 Оқу сабақ кестелері академиялық кезең басталардан 1 апта бұрын жасақталып, бекітіледі.

4.3 Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

4.4 Үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау білім алушылардың білім беру бағдарламаларын және жоғары білімнің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі.

4.5 Университетте қысқы және жазғы аралық аттестаттаулар (емтихан сессиялары) ұйымдастырылады.

4.6 Ағымдық бақылау және аралық аттестаттау нәтижелері, соның ішінде оқу процесін жақсарту жөніндегі ұсыныстар университеттің Академиялық кеңесінің отырысында талқыланады.

4.7 Бағалау профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың академиялық адалдығына негізделеді.

5 ҮЛГЕРІМНІҢ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Бақылау жүргізу мерзімдеріне байланысты аралық аттестаттау (емтихан) және ағымдағы болып бөлінеді.

5.2 Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір модулі бойынша жүргізіледі және «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйенің (бұдан әрі-ААЖ) журналына балдарды енгізе отырып, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылауды қамтиды.

5.3 Оқытушы «Platonus» ААЖ-де күн сайын келмеген («ж») білім алушыларды белгілеп, қатысуын бақылайды.

5.4 Кредиттік оқыту технологиясы кезінде өзіндік жұмыс білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (әрі қарай - БОӨЖ) және тікелей өзі атқаратын білім алушының өзіндік жұмысы (әрі қарай - БӨЖ) болып екіге бөлінеді.

5.5 БӨЖ мазмұнының барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

5.6 Үлгерімді ағымдағы бақылау модуль бойынша білімін игеру деңгейінің нәтижесін, сапасын, өзіндік жұмыс дағдыларын игеру деңгейін анықтайды.

5.7 Оқытушы білім алушылардың күнделікті сабақта қаралатын тақырыптар бойынша тиісті дағдыларды меңгеруін ұйымдастырады және

модульді аяқтау аптасының соңында оқу жетістіктерінің нәтижелерін балдық негізде «Platonus» ААЖ-не енгізеді.

5.8 Білім алушылар академиялық кезеңдегі оқу сабақтарының жалпы санының 30%-дан астамын өткізіп алған жағдайда, пән игерілген болып саналмайды. Бұл ретте пән бойынша ағымдағы бағалар теориялық оқыту аяқталғаннан кейін жойылады, «F» бағасы қойылады және білім алушы қорытынды бақылауға жіберілмейді.

Ерекше жағдайларда себептерін растайтын дәлелді құжаттары негізінде білім алушы өткізіп алған сабақтарын тапсыруға мүмкіндігі бар. Құжатта көрсетілген мерзімнен үш күн өткен жағдайда білім алушылар ұсынған құжаттар қабылданбайды.

5.9 Аралық бақылаулар нәтижесі силлабусқа сәйкес әрбір игерілген модульдің жиынтық балынан «Platonus» ААЖ-де автоматты түрде шығады.

5.10 Аралық бақылау кезеңі академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

6 САБАҚҚА ҚАТЫСУ ТАЛАПТАРЫ

6.1 Білім алушы оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға міндетті. Оқытушылар сабаққа қатысым талаптарын пәннің силлабусында көрсетеді.

6.2 Оқытушы сабақ өткен күні немесе келесі аптадағы сабақ басталғанға дейін «Platonus» ААЖ-не сабаққа қатыспаған білім алушыны «ж» белгісімен белгідейді.

6.3 Білім алушы дәлелді себеппен сабаққа келмеген жағдайда келесі күннен кешіктірмей деканатты хабардар етуі тиіс.

6.4 Білім алушы дәлелді себеппен сабаққа қатыспағанын растайтын дәлелді құжаттарын деканатқа ұсынуға міндетті:

6.4.1 Білім алушы сабаққа қатысуға уақытша шамасы келмеген жағдайда растайтын дәлелді анықтамасын деканатқа сабаққа қайта қосылған күні тапсырады.

6.4.2 Басқа да отбасылық жағдай, әскерге, тергеу органдарына шақыру және т.б. жағдайларда растайтын дәлелді құжаттарын деканатқа сабаққа келген күні тапсырады.

6.4.3 Егер білім алушы сабаққа қатыспағандығын растайтын құжаттары болмаса, оның түсіндіргеніне қарамастан жіберілген сабақтары дәлелсіз болып саналады.

6.4.4 Білім алушы қатыспаған семинар/практикалық, зертханалық сабақтарды қосымша өтеуге сабаққа қосылғаннан кейін алғашқы апталарда міндетті. Жіберілген сабақтарды өтеу түрі мен мерзімін пән оқытушысы белгілейді.

6.5 Білім алушы ішкі тәртіп ережелерін бұзып, академиялық кезеңде барлық сабақтар бойынша дәлелсіз 60 және одан көп сабақ жіберген жағдайда деканның қызметтік хаты негізінде ректордың бұйрығымен оқудан шығарылады.

6.6 Онлайн сабақ өткізу барысында пайдаланылатын платформалар түрлеріне (ZOOM және т.б.) қарамастан онлайн-сессияға қатысушыларды

бейнетрансляция негізінде қатысымын белгідейді. Тұрақты визуалды байланыс болмаған жағдайларда оқытушы білім алушыны себепсіз қатыспады деп есептейді. Техникалық ақауларға байланысты бейнетрансляция болмаған жағдайларда оқытушы кезең-кезең дыбыстық сұраулар арқылы білім алушының қатысымын анықтайды.

6.7 Сабаққа қатысымы бойынша «F» алған білім алушы келесі академиялық кезеңде (сол пән басқа топтарда оқытылса) немесе қосымша оқу кезеңдерінде ақылы негізде қайта оқуға мүмкіндігі бар. Ол үшін білім алушы пәнге қайта жазылып, тіркеледі.

7 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі академиялық күнтізбеге, жұмыс және жеке оқу жоспарына, силлабусқа сәйкес жүзеге асырылады.

7.2 Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру, курстық жұмыстарды (жобаларды) қорғау, эссе, сынақтар, практика бойынша есептер беру формасында міндетті түрде баға қою арқылы жүргізіледі.

7.3 Емтихандар аралық аттестаттау кезеңінде силлабусқа сәйкес әртүрлі формада өткізіледі: дәстүрлі, жазбаша, компьютерлік/бланкілік тестілеу, шығармашылық емтихан және т.б.

7.4 Емтихандар аралық аттестаттау басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын Диспетчерлік қызмет орталығының жетекшісі бекіткен кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің бүкіл оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру формасы ретінде қызмет етеді және академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін бағалау мақсатын көздейді.

7.5 Емтихандар бейнекамералармен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі және жазбаны сақтау бір оқу жылында (оқу жылының 1 қыркүйегінен 31 тамызына дейін) жүзеге асырылады.

7.6 Жауапты факультет ақпараттық технологиялар департаментінің қызметкерлерімен бірге компьютерлер мен интернет ресурстардың дайындығын алдын ала қамтамасыз етеді.

7.7 Пәндер бойынша қорытынды бақылау бағалары аралық аттестаттау емтихандарының кестесіне сәйкес электронды журналдарға қойылады.

7.8 Д/МҒЗЖ қорытынды бақылауының бағалары Академиялық күнтізбеге сәйкес электронды журналдарға қойылады.

7.9 Кәсіптік практикалардың қорытынды бақылауының бағалары 1- апта ішінде практиканың аяқталуы/есептерді тапсыру бойынша электрондық журналдарға қойылады. Практика базасы жетекшісінің пікірлерін ескере отырып практиканы қорғауды практика жетекшісі қабылдайды.

7.10 Білім алушыны пән бойынша рейтинг нәтижесінің рұқсат беру балы негізінде емтихан сессиясына жіберу «Platonus» ААЖ-де автоматты түрде жүзеге асырылады.

7.11 Пән бойынша рұқсат беру рейтингінің оң бағасы жоқ білім алушылар қорытынды бақылауға жіберілмейді.

7.12 Рейтинг бойынша рұқсат беру балының ең төменгі межесі 50 балды құрайды.

7.13 Курстық жұмыстарды (жобаларды) оң бағаға тапсырмаған білім алушылар тиісті пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

7.14 «FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған кезде академиялық күнтізбеге сәйкес емтиханды аралық аттестаттау мерзімі аяқталғанға дейін оқу пәні бағдарламасын қайталап өтпей-ақ бір рет қана қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

7.15 «Қанағаттанарлықсыз» «F» баға алған жағдайда білім алушы ақылы негізде осы оқу пәніне қайта жазылады, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, оқу процесінің барлық талаптарын орындайды және бағдарламаға сәйкес аралық аттестаттаудан қайта өтеді.

7.16 Білім алушының транскриптіңде оқыған барлық оқу пәндері қорытынды бағаларымен, сондай-ақ «FX және F» бағаларымен қоса көрсетіліп, жазылады.

7.17 Аралық аттестаттаудың осы кезеңінде емтихан бойынша қанағаттанарлық және одан жоғары бағаны арттыру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

7.18 Егер пән бағдарламасын толық көлемде орындаған білім алушы емтиханға келмесе, емтихан ведомосінде оның тегіне қарама-қарсы «келмеді» деген белгі қойылады.

7.19 Дәлелді себеп болған жағдайда білім алушы деканатты хабардар етеді. Растайтын құжаттарымен өз өтінішін деканатқа ұсынғаннан кейін декан емтихан тапсырудың мерзімін, уақытын көрсете отырып, рұқсат беру туралы өкім шығарады.

7.20 Дәлелді құжатында көрсетілген мерзімнен үш күн өткен соң білім алушылардың ұсынылған құжаттары қарауға қабылданбайды.

7.21 Дәлелді себептерсіз емтиханға келмеу «қанағаттанарлықсыз» деп есептеледі.

7.22 Емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей факультет деканының атына негіздемесін көрсете отырып, апелляцияға өтініш береді.

7.23 Аралық аттестаттау басталғанға дейін ректордың бұйрығымен біліктілігі апелляциялық пәндер бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

7.24 Апелляциялық комиссия 24 сағат ішінде апелляциялық өтінішті қарайды, хаттама жасайды және бастапқы бағалауды сақтау немесе бағалауды қайта қарау туралы шешім қабылдайды.

7.25 Апелляция отырысының нәтижелері хаттамамен рәсімделіп, оның шешімі негізінде «Platonus» ААЖ-ге өзгерістер енгізіледі, онда білім алушыға жеке апелляциялық ведомость автоматты түрде құрылады.

7.26 Аралық аттестаттау ведомостерін қағаз нұсқада шығару міндетті емес, «Platonus» ААЖ-да электронды нұсқада сақталады.

7.27 Аралық аттестаттау аяқталғаннан кейін деканаттар факультет

деканының қолы қойылған жиынтық ведомостарды Тіркеу офисіне тапсырады. Оқуды бітіргеннен кейін акт бойынша университет мұрағатына тапсырылады.

7.28 Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессияларының қорытындылары негізінде білім алушыларды курстан курсқа көшіру жүзеге асырылады.

7.29 Курстан курсқа көшірудің ең төменгі балл (GPA) межесі университеттің Академиялық Кеңесінде білім бағдарламалары деңгейлері және курстар бойынша қаралып, бекітіледі.

7.30 Курстан курсқа көшу балының ең төменгі деңгейін жинаған білім алушылар ректордың бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

7.31 Курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ курстан курсқа көшу балының ең төменгі деңгейін жинамаған білім алушыға үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқып, емтихандарды тапсыруға мүмкіндік беріледі.

7.32 Жазғы семестр университетте жазғы уақытта берілетін академиялық мүмкіндіктерді пайдалануға ниет білдірген бітіруші курстан басқа білім алушылар үшін ұйымдастырылады.

7.33 Емтиханды қайта тапсыру нәтижесі оң болған жағдайда «Platonus» ААЖ-де қорытынды баға қайта есептеледі, ол автоматты түрде транскриптке көшіріледі. Үлгерімнің орташа балын есептеу кезінде оқу пәні бойынша соңғы бағалар ескеріледі.

7.34 Барлық қорытынды бағалар, соның ішінде емтихандарды қайта тапсырудың оң нәтижелері транскриптке автоматты түрде көшіріледі.

7.35 Курстан курсқа көшу балын жинамаған білім алушы академиялық үлгермеушілігі үшін университеттен шығарылады.

7.36 Курстан курсқа көшу балын жинамаған, бірақ оқуын жалғастыруға ниет білдірген білім алушы ағымдағы жылдың 15 тамызына дейін өтініш жазып келісім-шартқа отырып, қайта курсқа қалдырылады.

7.37 Курстан курсқа көшу балын жинамаған, бірақ оқуын жалғастыруға ниет білдірген білім беру гранты негізінде оқитын білім алушы ағымдағы жылдың 15 тамызына дейін өтініш жазып, келісім шартқа отырып, ақылы негізінде қайта курсқа қалдырылады.

7.38 Қайта оқу курсына қалдырылған білім алушы жаңадан құрылған жеке оқу жоспары бойынша білім алады.

7.39 Курстан курсқа көшу балының ең төменгі деңгейін жинаған және келесі оқу курсына көшірілген, бірақ академиялық берешегі бар білім алушы, бітіру курсын қоспағанда, келесі академиялық кезеңдерде (бір академиялық кезеңде 10 кредитке дейін) ақылы негізде жазылып, оларды жоюға міндетті.

7.40 Бітіру курсына академиялық берешекпен ауыстыру жүзеге асырылмайды және білім алушының өтініші негізінде қайта оқу курсына қалдырылады.

8 ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

8.1 Емтихан материалдары кафедра отырысында талқыланады және факультет жанындағы сапаны бақылау комитетімен келісе отырып, факультет кеңесінде бекітіледі.

8.2 Емтихан материалдарын сақтау кафедрада жүзеге асырады.

8.3 Қорытынды бақылауды бағалаудың сапасын арттыру және объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан өткізу үшін ПОҚ қатарынан қосымша емтихан алушылар/кезекшілер тағайындалады.

8.4 Дәстүрлі емтихан нысанында қорытынды бақылауды қабылдау билеттер бойынша жазбаша және ауызша немесе аралас жүргізіледі.

8.5 Емтихан үшін 30 емтихан билеттері жасақталады, әр билет Блум таксономиясына сәйкес бакалавриатта үш деңгейдегі 3 сұрақтан, магистратура мен докторантурада бірінші деңгейсіз, екі деңгейдегі 2 сұрақтан құрастырылады.

8.6 Билет түрінде сұрақтарға жауапты жазбаша қабылдауда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігі үшін жауап парақтарын шифрлау немесе кодтау қолданылады.

8.7 Пән оқытушысы жазбаша қабылдау процесіне қатыспайды, бірақ «Platonus» ААЖ-нен түсірілген емтиханға бір күн қалғанда білім алушылардың келу парағын деканатқа береді.

8.8 Деканат емтихан басталар алдында студенттердің келу парағын, мөрі бар жауап парақтарын аудиториядағы кезекші оқытушыға береді, кафедралар емтихан сұрақтары бар конвертті береді.

8.9 Кезекшілер билеттері бар конвертті ашып, білім алушыларға таңдауға ұсынады және деканаттың мөрі бар жауап беру парағын қоса береді.

8.10 Бір білім алушыға 50 минут беріледі.

8.11 Емтихан аяқталғаннан кейін білім алушы кезекші оқытушыға билет пен жауап парағын тапсырады.

8.12 Деканаттың жауапты қызметкерлері факультет деканының өкімімен тағайындалады және құпиялылықты сақтауға міндетті.

8.13 Деканаттың жауапты қызметкерлері емтихан аяқталғаннан кейін келу парағын, емтихан билеттерін және кезекші оқытушыдан жауап парақтарын қабылдайды, шифрлауды жүзеге асырады және емтихан жұмыстарын пән мұғаліміне тексеруге береді.

8.14 Билет түрінде сұрақтарға жауап жазбаша қабылданғанда жұмыстар бейнекамералармен жабдықталған арнайы кабинеттерде тексеріледі.

8.15 Тексеру аяқталғаннан кейін пән оқытушысы жазбаша емтихан жауаптарын шифрды ашу (кері шифрлау) үшін жауапты қызметкерге береді.

8.16 Кері шифрлаудан кейін пән оқытушысы емтиханды қабылдаған күні пәннің электрондық журналына емтихан бағаларын енгізеді.

8.17 Деканат емтихан нәтижелерін және электрондық емтихан ведомосін салыстырып тексереді және сәйкессіздік анықталған жағдайда акт жасалады.

8.18 Билет түрінде ауызша қабылдауда қорытынды бақылауда білім алушыға билет бойынша жауап дайындау үшін 15-20 минут уақыт беріледі.

Жауап дайындау аяқталғаннан кейін білім алушы билет сұрақтарына жазған жауабы бойынша емтихан қабылдаушыға ауызша баяндайды және емтихан алушының қосымша сұрақтарына жауап береді.

8.19 Тестілеу нысанында қорытынды бақылауды қабылдау білім алушылар үшін емтихан сұрақтарының саны 50 сұрақты құрайды.

8.20 Бланкілік тестілеу үшін тест тапсырмаларының дайын нұсқалары студенттер саны бойынша таратылады және дұрыс жауаптардың кілттерімен кафедра меңгерушісінде сақталады.

8.21 Деканат емтихан басталар алдында студенттердің келу парағын, мөрі бар жауап парақтарын аудиториядағы кезекші оқытушыға береді, кафедра тест материалдары бар конвертті береді.

8.22 Емтихан басталардан 20 минут бұрын аудитория бойынша кезекшілер (оқытушы) студенттердің жеке куәлігі негізінде емтиханға келгендігі жөнінде қолтаңбаларын қойдыртады.

8.23 Кезекшілер тесттері бар конвертті ашып, тестілерді, сондай-ақ деканаттың мөрі бар жауап парағын таратады.

8.24 Емтихан аяқталғаннан кейін білім алушы тест пен жауап парағын кезекші оқытушыға тапсырады.

8.25 Деканаттың жауапты қызметкерлері факультет деканының өкімімен тағайындалады және құпиялылық сақтауға жауапты.

8.26 Деканаттың жауапты қызметкерлері емтихан аяқталғаннан кейін келу парағын, емтихан тесттерін және кезекші оқытушыдан жауап парақтарын қабылдайды, шифрлауды жүзеге асырады және емтихан жұмыстарын пән мұғаліміне тексеруге береді.

8.27 Білім алушы жауап парағына бөгде белгілер немесе таңбалар қойған жағдайда емтихан жауабы "жарамсыз" деп танылады және акт жасалады (1-қосымша).

8.28 Тексеру аяқталғаннан кейін пән оқытушысы жазбаша емтихан жауаптарын шифрды ашу (кері шифрлау) үшін жауапты қызметкерге береді.

8.29 Кері шифрлаудан кейін пән оқытушысы емтиханды қабылдаған күні пәннің электрондық журналына емтихан бағаларын енгізеді.

8.30 Деканат емтихан нәтижелерін және электрондық емтихан ведомосін салыстырып тексереді және сәйкессіздік анықталған жағдайда акт жасалады.

8.31 Емтихан сессиясы кезінде кезекші оқытушылар, емтихан алушылар, деканат қызметкерлері немесе емтихан сессиясын өткізуге қатысатын басқа да адамдар тарапынан емтихан сессиясын өткізу қағидаларын бұзу фактілері анықталған жағдайда Академиялық қызмет департаментінің қызметкерлері акт жасайды.

8.32 Білім алушылардың жазбаша емтихан материалдары және/немесе жауап парақтары деканаттарда келесі аралық аттестаттауға дейін сақталады.

8.33 Пәндердің ерекшелігіне байланысты қорытынды бақылаудың басқа түрлері (шығармашылық емтихан, эссе, жоба, дифференциалды сынақ және т.б.) бойынша тиісті кафедралардың әзірленген бекітілген әдістемелік нұсқауларына сәйкес жүргізіледі және ұйымдастырылады.

9 ТЕСТ СҰРАҚТАРЫН ҚҰРАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Тест сұрақтарында 5 жауап нұсқасы болуы керек.

9.2 Тапсырманың шарты келесі элементтерді қамтымауы керек:

- Атаңыз...
- Артығын табыңыз...

9.3 Тапсырманың жауаптары келесі нұсқаларды қамтымауы керек:

- Иә/Жоқ; Дұрыс/Бұрыс; Барлық жауаптар дұрыс/Барлық жауаптар дұрыс емес;
- Ұсынылғандардың арасында дұрыс жауап жоқ; Дұрыс жауап жоқ;
- Жоғарыда айтылғандардың барлығы/Төмендегілердің барлығы.

9.4 Тапсырманың мазмұнын қабылдауға және оны орындауға жұмсалатын орташа уақыт тапсырмалар блогы бойынша рұқсат етілген таралу шеңберінде болуы тиіс. Бір сұраққа жауап беруге кететін уақыт -1 минут. Егер сұрақ күрделі есептерді шығарудан тұрса уақыт 2 минутқа созылады.

9.5 Тест тапсырмасы лексикалық сауатты құрастырылуы тиіс. Тест тапсырмасын дайындауда жалпы қабылданған атаулар мен терминдерді қолдану қажет.

9.6 Тапсырманың мазмұны типтік оқу бағдарламаларының мазмұнына, ол болмаған жағдайда – пәннің оқу бағдарламасына (силлабусқа) толық сәйкес келуі тиіс.

9.7 Жауап нұсқаларының дұрыстығы дау тудыратындай болмауы керек (студенттерге ұсынылған әдебиеттер бойынша берілуі тиіс).

9.8 Тапсырма мазмұны нақты бір ғана ойды беруі тиіс және негізгі сұраққа қатысы аз мәліметтер, қайталаулар, кіріспе сөз тіркестері болмауы қажет.

9.10 Тапсырма материалды меңгеру деңгейін бағалауы керек және оқытылған материалға қатысты тестіленушінің пікірін білдірмеуі керек.

9.11 Тапсырма бірыңғай стильде жасалып, сұрақтар логикалық жағынан аяқталуы тиіс.

9.12 Сұрақтар негізгі маңызды тақырыптардан, бөлімдерден және оларға бөлінетін сағат санына пропорционалды құрастырылуы тиіс.

9.13 Компьютерлік тест сұрақтары кесте түрінде жасалады, сұрақ және әрбір жауап нұсқасы кестенің әр жолында болуы керек.

9.14 Компьютерлік тестілеу үшін тесттер техникалық жағынан төмендегідей құрылады:

- бірінші жолда сұрақ, екінші жолда - дұрыс жауап, содан кейін қалған әр жолда жауап нұсқалары;
- кестеде дұрыс жауап нұсқаларынан басқа нұсқалары нөмірленбейді немесе әріппен белгіленбейді;
- егер тапсырма сұрақтарын нөмірлеу қажет болса, онда әр тапсырма нөмірлерленіп кестенің үстіңгі бөлігіне қойылады (2-қосымша).

Бланкілік тестілеу кезінде тест тапсырмаларының жауап нұсқалары латын әріптерімен А), В), С), D), E) теріледі (3-қосымша).

9.15 Тест тапсырмалары компьютерде "Word" арқылы теріледі. «Кітап» үлгісіндегі А-4 форматында жоғарыдан 2 см, төменнен 2 см, оң жақтан 2 см және сол жақтан 2 см.қалдырылып рәсімделеді. Тест тапсырмалары "Times New Roman" шрифтiмен, әрiп өлшемі -10, 1 жоларалық интервалмен терілу қажет.

10 ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

10.1 Емтихан басталғаннан кейін емтихан алушының келісімімен төтенше жағдайлардан басқа кезде білім алушыға аудиториядан шығуға тыйым салынады.

10.2 Ұялы телефондар мен басқа электрондық құрылғылар ажыратылып, емтихан алушыға тапсырылуы керек.

10.3 Білім алушыға емтиханда тек қалам, қарындаш, өшіргіш, деректерді сақтау мүмкіндіктері жоқ калькулятор, сондай-ақ емтихан алушының рұқсаты болған кезде қажетті анықтамалықтар мен сөздіктерді пайдалануға мүмкіндік беріледі.

10.4 Қаламдарды, қарындаштарды, өшіргіштерді және калькуляторларды өзге тапсырушыларға беруге немесе алмастыруға рұқсат етілмейді.

10.5 Емтиханда білім алушылар арасында сөйлесуге, басқа білім алушының мониторуна немесе емтихан парағына қарауға, көшіруге және т.б. тыйым салынады.

10.6 Емтихан басталған сәттен бастап және оның өту барысында емтихан алушыға және басқа білім алушыларға қандай да бір сұрақтар қоюға тыйым салынады. Емтихан алушы емтиханның басында тәртіп ережелерін, емтихан жұмыстарын толтыру формасын және басқа да ұйымдастырушылық мәселелерді түсіндіруге құқылы.

10.7 Компьютерлік тестілеу кезінде білім алушы «Platonus» ААЖ-ге тек өзінің логинімен кіреді. Тест тапсырғаннан кейін білім алушы аудиториядан шығуы керек.

10.8 Емтиханды тест формасында тапсыру кезінде туындайтын техникалық ақаулар болған жағдайда деканат Ақпараттық технологиялар орталығының қызметкерлерімен бірлесіп акт жасайды. Акт негізінде білім алушыға қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

10.9 Емтиханға кешігіп келгендер (10 минуттан артық емес) емтихан алушының рұқсатымен жіберіледі, бірақ емтихан уақыты ұзартылмайды.

10.10 Уақыт өткеннен кейін әрбір білім алушы емтихан сұрақтарымен жұмысты жалғастыру мүмкіндігін талқыламай, өзінің емтихан материалын тапсыруға немесе компьютерлік тестілеуді аяқтауға міндетті.

10.11 Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, қажеттілігіне қарай қолайлы жағдай жасалады (психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, емтиханды 1-қабатта өткізу, емтиханды жеке қабылдау немесе тапсыруға қосымша уақыт беру, көмекші қызметкер тағайындау және т.б.)

10.12 Академиялық адалдық қағидаларының бұзылғандығы

анықталған жағдайда деканат және/немесе деканатпен бірлесе тексеруші тұлға бұзушылық туралы акт жасайды, онымен білім алушыны таныстырады және тиісті шаралар қолданылады (Академиялық адалдық кодексі).

11 БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

11.1 Үлгерім білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен бағаланады, оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS (иситиэс) ауыстырады (4-қосымша).

Студенттердің тілдер (қазақ, шетел, орыс) бойынша оқу жетістіктері деңгейлік модельге және ECTS (иситиэс) пен дәстүрлі шкалаға аударылып, шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады (5-қосымша).

Тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы шет тілін меңгерудің (A1, A2, B1, B2, C1, C2) жалпыеуропалық құзыретіне (бұдан әрі – ЖЕК) сәйкес келеді.

11.2 Үлгерімді ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері әрбір модуль бойынша силлабусқа сәйкес бағаланады.

11.3 Аралық бақылау қорытындысы автоматты түрде «Platonus» ААЖ-де ағымдағы бақылаудың жиынтық балдарынан қалыптасады.

11.4 Сабақтың барлық түрлері бойынша ағымдағы бақылау (АБ) былайша айқындалады:

- | | | |
|-------------------------------------|--|-------|
| | $\frac{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_2 + \text{Баға}_3}{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}}$ | |
| 1) дәріс сабақтарын АБ = | | x 0,1 |
| | $\frac{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_2 + \text{Баға}_3}{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}}$ | |
| 2) семинар/практика сабақтарын АБ = | | x 0,3 |
| | $\frac{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_2 + \text{Баға}_3}{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}}$ | |
| 3) зертхана сабақтарын АБ = | | x 0,3 |
| | $\frac{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_2 + \text{Баға}_3}{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}}$ | |
| 4) СОӨЖ/СӨЖ сабақтарын АБ = | | x 0,3 |
| | $\frac{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_2 + \text{Баға}_3}{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}}$ | |

Орташа ағымдағы бақылау (АБ1 жалпы (АБ2 жалпы)) келесідей қалыптасады: барлық сабақ түрлері бойынша ағымдағы бақылаудың бағалары салмақ үлесіне көбейтіледі: (дәріс сабақтарының АБx0,1) + (семинарлық (практикалық) сабақтардың АБx0,3) + (зертханалық сабақтардың АБ x 0,3) + (СОӨЖ/СӨЖ АБ x 0,3)

Аралық бақылау (АБ1(АБ2)) былайша қалыптастырылады: ағымдағы бақылаулардың барлық түрлерінің бағалары жинақталады және сабақтардың барлық түрлері бойынша бағалардың жалпы санына бөлінеді: АБ1(АБ2) (дәріс сабақтарының АБ + семинарлық (практикалық) сабақтардың АБ +

зертханалық сабақтардың АБ + СОӨЖ/СӨЖ АБ)/ Барлық сабақтар бойынша бағалардың жалпы саны сабақ түрлері.

P1 (P2) рейтингі келесідей анықталады: $P1 (P2) \text{ рейтингі } (АБ1 \text{ жалпы}(АБ2 \text{ жалпы}) + АБ1 (АБ2))/2$

$$1) \text{ дәріс сабақтарын АБ} = \frac{Баға_1 + Баға_2 + Баға_3}{Бағалау қарастырылған апта саны} \times 0,1$$

$$2) \text{ семинар/практика сабақтарын АБ} = \frac{Баға_1 + Баға_2 + Баға_3}{Бағалау қарастырылған апта саны} \times 0,6$$

$$3) \text{ СОӨЖ/СӨЖ сабақтарын АБ} = \frac{Баға_1 + Баға_2 + Баға_3}{Бағалау қарастырылған апта саны} \times 0,3$$

Аралық бақылау (АБ) сабақ түрлерінің ағымдағы бақылауларын бағалаудан қалыптастырылады:

$АБ = АБ \text{ дәріс сабақтары} + АБ \text{ семинарлық (практикалық) сабақтары} + АБ \text{ СОӨЖ/СӨЖ}$

P₁ (P₂) рейтингі аралық бақылау (АБ) балдарына сәйкес анықталады:
 $P_1 = АБ_1$

Пән бойынша қабылдау рейтингі (ҚР) келесідей анықталады:
 $ҚР = P_1 + P_2 / 2$

Пән бойынша қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберу үшін:

- 1) Қабылдау рейтингі $ҚР \geq 50$ балл;
Курстық жұмыстың (жоба) балы ≥ 50 балл (болған жағдайда).

Қорытынды баға ағымдағы (салмақ үлесі – 0,6) және емтихан (салмақ үлесі – 0,4) бағалау сомасынан тұрады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Қ = ҚР \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$$

бұл жерде РД – рейтинг допусқа;

ҚБ – Қорытынды бақылау балы.

11.5 Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау критерийлері пәндердің мақсаттары, міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, пәндер силлабустарында жазылады.

11.6 Критерийлер бойынша бакалавриатты бағалау келесі арақатынаста бөлінеді:

«А», «А-» (90-100 %) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының 15% -ынан аспайды;

«В+», «В», «В-», «С+» (70-89%) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының 40% -ынан аспайды;

«С», «С-» (60-69%) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 25% -ы;

«D+», «D» (50-59%) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 15% -ы;

«F» (0-49%) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 5% -ы.

Қорытынды бақылауларды (емтихан) бағалауды талдау кезінде шағын топтарды қоспағанда (30 адамнан аз) жоғарыда көрсетілген қатынастардан ауытқушылық болған жағдайда университет басшылығымен себептері қарастырылады.

Аталған үлестірулерден ауытқудың әрбір жағдайы 10%-дан астам алқалы органдардың (сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның) талдау нысанасына айналуы тиіс және Университет тиісті шараларды қабылдайды.

11.7 Университет оқытушылары барлық білім алушылардың құзыреттерін сараланған бағалауға мүмкіндік беретін бақылау іс-шараларының әдістемелік әртүрлілігін қамтамасыз етуге міндетті.

11.8 Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану бағалау саясатының төмендеуіне әкелмеуі тиіс.

12 ЖАЗБАША ЕМТИХАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

12.1 Жазбаша емтихан түрлері

12.1.1 Академиялық эссе

12.1.2 Жоба қорғау

12.2 Жазбаша емтиханға қойылатын жалпы талаптар

12.2.1 Жазбаша емтихан пән бойынша аралық аттестаттау барысында қорытынды бақылау ретінде білім алушылардың білім деңгейін анықтау үшін қолданылады.

12.2.2 Магистратура, докторантура деңгейіндегі білім бағдарламаларында білім алушылардың барлық аралық аттестаттауы жазбаша емтихан түрінде өтеді.

12.2.3 Бакалавриат деңгейінде жазбаша емтихан алынатын пәнді оқытушы ұсынып, кафедра мәжілісінде талқылаудан өткізеді.

12.2.4 Білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес кафедрада тәжірибелі профессорлық-оқытушылық құрамымен жазбаша емтиханның қойылатын талаптары мен критерийлерінің нұсқаулығы жасақталып, кафедра отырысында бекітіледі.

12.2.5 Жалпы университетішілік пәндер үшін емтиханның талаптары мен критерийлерінің нұсқаулығы сол пәнді жүргізетін кафедраның тәжірибелі профессорлық-оқытушылық құрамымен жасақталып, кафедра отырысында бекітіледі.

12.2.6 Пәннің силлабусында жазбаша емтиханның қорытынды бақылау түрінде тақырыптары көрсетіліп, талаптары мен бағалау критерийлері

беріледі.

12.2.7 Білім алушының орындаған жазбаша жұмысы міндетті түрде пән оқытушының тіркелген жүйесі арқылы «Turnitin Similarity» антиплагиаттық жүйесінен тексеруден өтеді.

12.2.8 Антиплагиаттық бағдарламадан (жүйеден) өткізу нормалары бойынша ұқсастықтардың рұқсат етілген пайызы 20-дан аспауы тиіс.

12.2.9 Жазбаша жұмыстың антиплагиаттық жүйесінен тексеру барысында плагиаттың пайыздық көрсеткіші 21 – 60 аралығында «FX», 61 – 100 аралығында болса «F» қойылады.

12.2.10 Жазбаша жұмыста мәтінді жазу, құрастыруда жасанды интелектіні қолдануға тиым салынады. 40 пайызға дейін қолдану анықталған жағдайда «FX», 41 және одан жоғары болған жағдайда дейін «F» қойылады.

12.2.11 Білім бағдарламаларының деңгейіне қарай жазба жұмыс көлемі бакалавриатта 1000 – 2000, магистратурада 2000 – 3000, докторантурада 3000 – 5000 сөз көлемінде болуы керек.

12.2.12 Тақырыптың ерекшелігіне байланысты білім алушы пән оқытушысына зерттеу жоспарын көрсетіп, этикалық рұқсаттама сұрайды. Пән оқытушысы білім алушының өтінішін кафедра мәжілісіне ұсынады. Кафедра мәжілісінде мақұлданғаннан кейін тақырып бойынша зерттеу жұмысы басталады.

12.2.13 Жазбаша жұмысты орындау барысында академиялық еңбектерге, статистикалық мәліметтерге, зерттеу қорытындыларға сілтеме жасауға рұқсат беріледі.

12.3 Бағалау критерийлері

12.3.1 Аралық аттестаттау формасы ретінде қолданылатын жазабаша жұмыстарды 5 түрлі критерий негізінде бағалау ұсынылады (әр бөлімге 20 балдан):

1) Тақырып жайлы білімі және тақырыпты түсінуі (тақырыпты аша білуі);

2) Зерттеу және талдау деңгейі, ойын қорытындылануы;

3) Эссенің құрылымы, жүйелілігі;

4) Ақпарат көздерін қолдану деңгейі;

5) Жазу стилі мен ойды жеткізу жинақылығы.

12.3.1.1 Тақырып жайлы білімі және тақырыпты түсінуі:

1) жариялануға лайықты көрнекті жұмыс; тақырып жайлы ерекше білім көрсетілген, тақырыпты тамаша аша білген (19-20 балл);

2) тақырып жақсы талданған, ғылыми түрде түсініктер берілген (14-18 балл);

3) тақырыпты түсінудің қанағаттанарлық/ойға қонымды деңгейі көрсетілген (12-13 балл);

4) тақырып толымсыз, әлсіз түсіндірілген, мәселелер біршама үстірт қаралған (10 – 11 балл);

5) тақырып, негізгі ұғымдар мен тұжырымдар қанағаттанарлық деңгейде талданбаған (5-9 балл).

12.3.1.2 Зерттеу және талдау деңгейі, қорытындылануы:

1) білім алушы өз пікірлері мен көзқарастарын жан-жақты дәлелдермен (ғылыми дәйектермен) түсіндіре білген; талдау барысында шығармашылық танытып, сыни тұрғыдан талдаған; көзқарастар ерекше ауқымда түсіндірілген; ойларды талдауда шығармашылық танытылған (19-20 балл);

2) дәлелді, сыни тұрғыда жазылған жұмыс, әртүрлі пікірлер мен көзқарастар салыстырылып, жақсы тұжырымдалған; жұмысты жазу барысында білім алушы өз көзқарасын негіздеп, ойды қорытындылай алған (14-18 балл);

3) дәлелдер, талдау қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген (12-13 балл);

4) жазба жұмысы сипаттау үлгісінде жазылған; сыни тұрғыдан ой қорыту аз немесе мүлдем жоқ (10-11 балл);

5) жазба жұмысы тек сипаттаудан ғана тұрады, ой жүйесіз, шашыраңқы және сыни тұрғыдан талдау мүлдем жоқ (5-9 балл).

12.3.1.3 Жазбаша жұмыстың құрылымы, жүйелілігі:

1) нақты дәлелдемелер қамтылған құрылым, ерекше жүйелілікпен нақты жеткізілген (19-20 балл);

2) өте жақсы құрылымдалған әрі үйлесімді жүйеленген (14 -18 балл);

3) жақсы құрылым және дәлелді жүйелілік сақталған (12 – 13 балл);

4) құрылымы мен жүйелілігі қанағаттанарлық, бірақ өте қарапайым деңгейде (10 – 11 балл);

5) мәтінді ұйымдастыруда айқын кемшіліктер бар, өте қарапайым құрылым, нашар жүйелілік (5 – 9 балл).

12.3.1.4 Ақпарат көздерін қолдану деңгейі:

1) дереккөздер жоғары деңгейде сұрыпталып, сыни тұрғыдан пайдаланылған (19-20 балл);

2) дереккөздер тиімді және сыни тұрғыдан пайдаланылған (14-18 балл);

3) дереккөздерді пайдалану/талдау қанағаттанарлық деңгейде (12 – 13 балл);

4) дереккөздерді пайдалануда өрескел қателер кездеседі, өте аз сілтемелер берілген (10 – 11 балл);

5) орынсыз, ғылыми емес дереккөздер пайдалану; сыни талдаудан өткізбей көшіріп алу (5 – 9 балл).

12.3.1.5 Жазу стилі мен ойды жеткізу жинақылығы:

1) жазу стилі мүлтіксіз, грамматикалық тұрғыдан қатесіз (тазалық) жазылған. Авторлық пікір негізді, академиялық тұжырымы айқын (19-20 балл);

2) жазу стилі жақсы, грамматикалық қателер аз; жақсы авторлық пікір және академиялық тұжырым (14 – 18 балл);

3) жазу стилінде қате бар, грамматикалық қателер көп; авторлық пікір және академиялық тұжырым әлсіз (10 – 13 балл);

4) жұмысты оқу қиын: стильдік қателер, грамматикалық қателер өте көп (5 – 9 балл).

13.2 Білім бағдарламасының, пәннің ерекшелігіне байланысты жазбаша жұмысты бағалау критерийлері кафедра тарапынан жасалатын нұсқаулықта өзгертіліп, толықтырылуы мүмкін.

12.4 Өткізу тәртібі

12.4.1 Жоба қорғау академиялық күнтізбеге сәйкес аптада материалдары Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне және «Turnitin Similarity» антиплагиаттық жүйесіне қорғауға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын жүктеліп, бағасы қорғағаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей электронды журналға қойылады.

12.4.2 Академиялық эссе академиялық күнтізбеге сәйкес аптада материалдары Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне және «Turnitin Similarity» антиплагиаттық жүйесіне бекітілген емтихан кестесіндегі мерзімге дейін жүктеліп, бағасы тексерілгеннен кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей электронды журналға қойылады.

13 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

13.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

13.2 Өзгеріс болған жағдайда университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

**Емтихан ережелерін бұзу туралы
АКТ**

Білім алушы емтихан тапсыру ережелерін бұзғаны үшін емтиханнан шығарылады:

Білім алушы: _____

Факультет: _____

Шифр и ББ: _____

Курс: _____

Пән атауы: _____

Емтиханнан шығу фактісі: _____

Кезекші оқытушы: _____ / _____
(АЖӨ) (қолы)

Факультет деканы: _____ / _____
(АЖӨ) (қолы)

1 сұрақ

V1	
1	
0	
0	
0	
0	

2 сұрақ

V1	
1	
0	
0	
0	
0	

3 сұрақ

V1	
1	
0	
0	
0	
0	

1 Сұрақ

1	
A)	
B)	
C)	
D)	
E)	

2 Сұрақ

2	
A)	
B)	
C)	
D)	
E)	

3 Сұрақ

2	
A)	
B)	
C)	
D)	
E)	

ECTS (иситизс) дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Шет тілдері бойынша білім алушылардың жетістіктерін деңгейлік модельге және ECTS (иситиэс) пен дәстүрлі шкалаға аудару арқылы балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі

Жалпы- еуропалық күзиреттілі к бойынша тілді меңгеру сипаттамас ы мен деңгейі (бұдан әрі – ЖЕК)	Әріптік жүйе бойынша бағалау	ECTS (иситиэс) бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазмұн ы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Жалпы- еуропалық күзиреттіл ік бойынша тілді меңгеру сипаттама сы мен деңгейі (бұдан әрі – ЖЕК)	Әріптік жүйе бойынша бағалау	ECTS (иситиэс) бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазм ұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Жалпы- еуропалық күзиреттіл ік бойынша тілді меңгеру сипаттама сы мен деңгейі (бұдан әрі – ЖЕК)	Әріптік жүйе бойынша бағалау	ECTS (иситиэс) бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазмұн ы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
B1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Жалпы- еуропалық күзыреттілі к бойынша тілді меңгеру сипаттамас ы мен деңгейі (бұдан әрі – ЖЕК)	Әріптік жүйе бойынша бағалау	ECTS (иситиэс) бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазмұн ы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
B2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Жалпы- еуропалық күзыреттілі к бойынша тілді меңгеру сипаттамас ы мен деңгейі (бұдан әрі – ЖЕК)	Әріптік жүйе бойынш а бағалау	ECTS (иситиэс) бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазмұн ы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
C1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Жалпы- еуропалық күзиреттілі к бойынша тілді меңгеру сипаттамас ы мен деңгейі (бұдан әрі – ЖЕК)	Әріптік жүйе бойынша бағалау	ECTS (иситиэс) бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
C2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз